

Ақмола облысы білім басқармасының  
Зеренді ауданы бойынша білім бөлімінің  
«Исаковка ауылының ЖОББМ» КММ

**2024-2025 оқу жылындағы  
қоғамдық-гуманитарлық пәндер  
бірлестігінің жылдық  
ЕСЕБІ**

**ӘБ жетекшісі: Омарова А.С.**

2024-2025 оқу жылы

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігінің 2024-2025 оқу жылына арналған **әдістемелік тақырыбы:** «Сапалы білім беруді - оқыту мен тәрбиелеудің басты нысанына айналдыру»

**Мақсаты:** бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыруда үшін сапалы білімді инновациялық - педагогикалық әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асыру.

**Міндеттері:**

- Оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу;
- Пән бойынша құзіреттіліктерді анықтау және дамыту;
- Педагогикалық тәжірибе алмасу;
- Педагогикалық әрекеттің мониторингін жүргізу;
- Білім сапасы мен сауаттылығы төмен сыныптарда білім сапасын арттыру үшін тиімді жұмыс түрлерін таңдап алу және олармен жүйелі жұмыс жүргізу;
- Қабілеті жоғары, үлгерімі төмен оқушылармен жекелеген жұмыстар жүргізу;
- Оқушылардың жазбаша және ауызша тілдік қорларын дамыту.

Қоғамдық-гуманитарлық әдістемелік бірлестігінің құрамына 8 мұғалім енеді. Мұғалімдер сапасының құрамы талапқа сай. Маман емес мұғалімдер жоқ. Жеті мұғалім жоғары білімді, бір мұғалім орта-арнайы білімді .2 мұғалім – педагог-сарапшы, 3 мұғалім – педагог-модератор, санаты жоқ мұғалім – 2.

5 қыркүйек күні гуманитарлық пән мұғалімдері әдістемелік бірлестігінің бірінші отырысы өтті. Отырыста мұғалімдер нормативтік құжаттармен, соның ішінде мемлекеттік стандарт, әдістемелік нұсқау хат және пән бойынша бағдарламалармен танысты. Әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспары талданып, бекітілді. Сонымен қатар, мұғалімдердің ҰМЖ, ОМЖ ж/е күнтізбелік жоспарлары, оқу жоспарының жылжымалы бөлігіндегі таңдау пәндерінің бағдарламалары қаралып, бекітуге жіберілді.

Жұмыс дәптерлері, бақылау жұмыс дәптерлерінің әр сыныпта басталғандығын тексеру, сондай-ақ күнделікті жұмыс дәптерлерінің тексеріліп тұруын қадағалау және алғашқы бақылау жұмыстарының кестесі құрылды.

Бірлестік алғашқы жұмысын 5 қыркүйек Қазақстан Республикасы халқының Тілдер күніне арналған іс-шараларының жоспарынан бастады. Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндері мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «**Тіл халықтың жаны**» тақырыбында тілдер онкүндігі өтті.

**Онкүндіктің мақсаты:** ҚР «Тіл туралы» заңының орындалуын қадағалау, еліміздің болашағы- жастардың мемлекеттік тілді кеңінен қолдануын насихаттау, тіл – татулықтың, достықтың тетігі, тәрбиенің көзі, халықты біріктірудің маңызды факторы екенін өскелең ұрпаққа ұғындыру. Оқушылардың тілге деген құрметін арттыру.

**Апталықтың ашылуы:** 5 қыркүйек күні Исаковқа ауылының жалпы білім беретін мектебінде ҚР Тілдер мерекесіне орай «**Тіл халықтың жаны**» атты салтанатты жиын болып өткізілді. Мектеп оқушыларына тіл туралы мағлұмат беріліп, ӘБ жетекшісі апталықтың жоспарымен таныстырып өтті. Салтанатты ашылуға 5-11 сыныптар қатысты.

Мерекелік іс-шараны 2024-2025 оқу жылының 05-14 қыркүйек аралығында өткізу жоспарланып, бекітілді.

Тілдер мерекесіне арналған апталық жоспар бойынша жүргізілді. Тілдер мерекесінде қарастырылған іс-шараларға бастауыш сынып оқушылары мен ұстаздары да қатысты. Күнделікті жүргізілген іс-шаралар

жоспарлы жүргізіліп, қорытындысы ӘБ жиынында талқыланып, олқылықтар дер кезінде түзетіліп отырды. Әр күнгі іс-шарада оқушылар тілді дамытуға бағытталған тапсырмаларды толықтай қызығушылықпен орындап шықты.

Онкүндік соңында тілдер мерекесіне арналған онкүндіктің қорытындысы жасалды. Барлығы оқушыларға қызықты да пайдалы болды. Онкүндік барысында өткен іс-шаралардың анализі жасалып, онкүндікке белсенді қатысқан оқушылар марапатталды.

Сонымен қатар, бірлестік отырыстарында пән мұғалімдері әр түрлі тақырыптарда баяндамалар оқып, бір-бірімен тәжірибе алмасып отырды. Мәселен, екінші отырыста қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Омарова А.С. пен ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Омарова Р.М. «Сабақтардағы цифрлық білім беру ресурстары» атты қазақ тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі сабақтарында қолданатын жаңа технологиялармен таныстырып, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Қараша айында қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, тарих пәндерінен 5-10 сыныптар арасында оқушылардың **мектепішілік пән олимпиадасы** өтті. Олимпиада мектепішілік ережеге сәйкес жүргізілді. Білім сайысына қатысушылар әр тапсырма бойынша жүйелі, терең, тиянақты жауап беруге тырысты. Мектепішілік олимпиаданың жүлделі орын иегерлері аудандық олимпиадаға қатысты. Аудандық олимпиаданың қорытындысы бойынша 5 «а» сынып оқушысы Еншілес Мұхаммед ағылшын тілі пәнінен III орынға ие болды.

Қоғамдық-гуманитарлық бірлестік құрамына кіретін пәндерден оқу жылында жоспарлы түрде пәндік апталық жүргізіліп отырды. Атап айтсақ, 24-28 ақпан аралығында «Ағылшын тілі» пәнінің апталығы, 9-13 желтоқсан аралығында «Қазақстан тарихы» пәнінің апталығы, 7-11 сәуір аралығында «Қазақ тілі мен әдебиеті» апталығы, 21-25 сәуірде «Орыс тілі мен әдебиеті» апталығы өтті. Пәндік апталықтардың мақсаты: жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру, сабақта алған білімдерін дамыту. Апталықтың ашылуынан бастап, ашық сабақтар мен жоспарланған іс-шаралар жоспарға сәйкес белсенді әрі жауапкершілікпен өтті.

Жалпы алғанда, қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің апталықтары мен онкүндіктері жоспарланған мақсаттарына жетіп, міндеттерін толық атқарды деп қорытындылауға болады.

2024-2025 оқу жылындағы жетістіктерге тоқталатын болсақ, оқушылар пәндік олимпиадалар мен байқауларға қатысты. Сонымен қатар, «Ақбота» атты республикалық байқауына 5 «а» сынып оқушысы Бауденов Қайсар, 5 «а» сынып оқушысы Сұлтан Дамир, 5 «а» сынып оқушысы Сағынбай Елнұр, 5 «а» сынып оқушысы Даулет Диана, 5 «б» сынып оқушысы Кучеровский Егор, 6 «б» сынып оқушысы Жазин Ильяс, 6 «б» сынып оқушысы Кучеровский Игнат, 6 «б» сынып оқушысы Стычак Анжелика, 7 «а» сынып оқушысы Сұлтан Арай, 7 «а» сынып оқушысы Сұлтан Нұрай, 7 «б» сынып оқушысы Алифиренко София, 8 «б» сынып оқушысы Белогурова Виолетта, 8 «б» сынып оқушысы Черненко Анастасия, 9 «б» сынып оқушысы Қабдуали Жұпар, 9 «б» сынып оқушысы Петрова Татьяна, 9 «б» сынып оқушысы Полякова Валерия, 9 «б» сынып оқушысы Акиндыкова Сара, 9 «б» сынып оқушысы Афанасьева Нелли, 10 «а» сынып оқушысы Бауденова Ақнұр, 10 «б» сынып оқушысы

Джантлеулова Сабина, 10 «б» сынып оқушысы Кучма Владислав, 10 «б» сынып оқушысы Самосенко Ирина қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Әдістемелік бірлестіктің соңғы бесінші отырысында 2024-2025 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға қорытынды жасалып, алдағы оқу жылына келесідей әдістемелік бірлестіктің тақырыбы мен мақсат, міндеті таңдалды.

**Гуманитарлық бағыттағы пәндер бірлестігінің өзекті тақырыбы:**  
Сабақтарда жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру.

**Гуманитарлық пәндер бірлестігінің мақсаты:**

Дәстүрлі және жаңа технологияларды сабақтастыру арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру және өз мүмкіндігін дұрыс пайдалана алатын зерделі тұлғаны тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

- 1.ҚР – ның «Білім туралы Заңы мен Тіл туралы» заңын басшылыққа ала отырып, білім беру мен оқытудың сапасын арттыру.
- 2.Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында жеке тұлғаның рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, интеллектуалдық, азаматтық тәрбие беру.
- 3.Отаны мен халқы алдындағы жауапкершілігін сезінетін бәсекеге қабілетті жас ұрпақтардың ұстанымын қалыптастыру.
- 4.Оқушылардың ғылыми танымдық қабілетін дамыту, тарихи деректермен жұмыс істеу, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды салыстырмалы талдау негізінде ой елегінен өткізе білу дағыларын қалыптастыру.
- 5.Білім сапасын көтеру мақсатында «Сатылай-кешенді талдау», «Сын тұрғысынан ойлау» т.б.технологияларды жүйелі қолдану.
- 6.Оқушының өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі басқару, шешім таба білу механизмдерін қалыптастыру.
- 7.Пән олимпиадаларына дайындық.
- 8.Әдістемелік бірлестіктің жұмысын жандандыру.

**2025-2026 оқу жылындағы гуманитарлық пәндер бірлестігінің жылдық жұмыс жоспары**

| №  | Мазмұны                                                                                                                                     | Мерзімі  | Аяқталу түрі                            | Жауаптылар                    |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|-----------------------------------------|-------------------------------|
| 1. | 2025-2026 оқу жылының әдістемелік бірлестігінің жылдық жұмыс жоспары бойынша атқарылған жұмыстың қорытынды есебі                            | қыркүйек | ӘБ отырысында қарау                     | ӘБ жетекшісі                  |
| 2. | Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын қарау, бекітуге ұсыну(мұғалімдердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, ашық сабақтарды өткізуді жоспарлау). | қыркүйек | Хаттама                                 | ӘБ жетекшісі                  |
| 3. | Әдістемелік нұсқау хатпен танысу                                                                                                            | қыркүйек | ӘБ отырысында қарау                     | ӘБ жетекшісі                  |
| 4. | ҚР Халықаралық тілдер күніне арналған «Тіл-ұлттың тірегі» атты апталық өткізу                                                               | қыркүйек | Сараптама жасау                         | ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері |
| 5. | Қабілеті жоғары оқушылармен жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру                                                                             | қазан    | Аудандақ,облыстық олимпиадаларға қатысу | Пән мұғалімдері               |

|     |                                                                         |               |                                          |                                    |
|-----|-------------------------------------------------------------------------|---------------|------------------------------------------|------------------------------------|
| 6.  | Мұғалімнің өзіндік білім көтеру жоспарларын қарау                       | қазан         | ӘБ отырысы                               | ӘБ жетекшісі                       |
| 7.  | Мектепшілік олимпиада өткізу                                            | қараша        | ӘБ отырысында қарау<br>Олимпиада         | Пән мұғалімдері                    |
| 8.  | I тоқсандық білім сапасының мониторингі                                 | қараша        | Мониторинг.ӘБ<br>отырысында қарау        | ӘБ жетекшісі                       |
| 9.  | «Оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» тақырыбында баяндама дайындау | қараша        | Баяндама                                 | Саргазина Б.Т.                     |
| 10. | Озық технологиялармен жұмыс істейтін мұғалімдердің тәжірибелерін тарату | қараша-қаңтар | Баспа беттеріне шығу                     | ӘБ жетекшісі                       |
| 11. | ҰБТ-ға дайындық жұмысы                                                  | қараша        | Кесте, диаграмма, ӘБ<br>отырысында қарау | ӘБ жетекшісі<br>Пән мұғалімдері    |
| 12. | Түрлі шығармалар байқауына қатысу (аудандық, облыстық)                  | желтоқсан     | Марапаттау                               | Пән мұғалімері                     |
| 13. | Аудандық олимпиадаға қатысу                                             | желтоқсан     | Баяндау<br>ӘБ отырысында<br>қарау        | ӘБ жетекшісі                       |
| 14. | Тарих апталығын өткізу                                                  | желтоқсан     | Сараптама                                | Кучеровская Ю.В.<br>Саргазина Б.Т. |
| 15. | I жартыжылдық есеп тыңдау                                               | қаңтар        | Ақпарат                                  | ӘБ жетекшісі                       |
| 16. | «Тарих сабағында АКТ-ні қолданудың маңызы»                              | ақпан         | Баяндама                                 | Кучеровская Ю.В.                   |
| 17. | «Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында ойын түрлерін қолдану» (Баяндама)  | наурыз        | Баяндама                                 | Фазыл Т.Ж.                         |
| 18. | Аттестациядан өтетін мұғалімдердің сабақтарына қатысу                   | наурыз        | ӘБ отырысында<br>қарау                   | ӘБ жетекшісі                       |
| 19. | Абай мен Мұқағали Мақатаев оқуларына қатысу                             | наурыз        | ӘБ отырысында<br>қарау                   | Пән мұғалімдері                    |
| 20. | Оқушыларды ғылыми жобалар байқауына қатыстыру                           | сәуір         | Жоба қорғау<br>ӘБ отырысында қарау       | Пән мұғалімдері                    |
| 21. | II жартыжылдық білім сапасының рейтингті жүйесі                         | мамыр         | Мониторинг                               | ӘБ жетекшісі                       |
| 22. | 2025-2026 оқу жылындағы әдістемелік бірлестік жұмысының қорытынды есебі | мамыр         | Есеп беру<br>ӘБ отырысында қарау         | ӘБ жетекшісі                       |
| 23. | Жаңа оқу жылына жоспар құру                                             | мамыр         | Талқылау                                 | ӘБ жетекшісі                       |